

«Бір ел - бір кітап» акциясы - уақыт талабымен үндескен акция

Бақыт ӘБЕУОВА,

*Н. В. Гоголь атындағы ОҒӘК-сы,
оқу залы бөлімінің көпшілік-көрме
жұмысы секторының меңгерушісі
Қарағанды қаласы*



Кітапхана - тек қана кітап сақтайтын орын ғана емес, сонымен қатар қоғамның рухани жағынан дамуына, мәдениетін көтеруге ықпал ететін мәдени орта. Халқымыздың тар жол, тайғақ кешуі жолында елі үшін қызмет еткен тарихи тұлғаларымыз - қоғам қайраткерлерінің, ақын-жыраулардың, жазушылардың өмірі мен шығармашылығы туралы әр түрлі мәдени шаралар ұйымдастыру - тарихымызды ұмытпауға, өткеннен сабақ алуға, елімізді, жерімізді сүйеге, барды құрметтей білуге, тіпті кітап оқи отырып, ой-қиялымызды дамытуға әсер етеді.

Кітапханалардың алға қойған мақсаттарының бірі - кітап оқуды насихаттай отырып, адамзат бойындағы рухани жұтаңдыққа жол бермеу болып табылады. Қазіргі таңда әлем елдерінің барлығын алаңдатып отырған бұл мәселені шешу жолында кітап мәртебесін көтеріп, кітап оқу деңгейін жоғарылатуда елімізде көптеген бағдарламалар қабылданып, іс-шаралар жүргізілуде.

«Оқырманды Қазақстан» бағдарламасы бойынша Халықаралық оқу конгресінің ашылар қарсаңында Қарағанды облыстық Н. В. Гоголь атындағы ғылыми-әмбебап кітапханасында Қарағанды облысында кітап мәртебесі мен кітап оқуды жоғарылатуға бағытталған Кітап оқу орталығы ашылды. «Кітапқұмарларға сәлем» деген ұранмен өткен орталықтың тұсау-кесерінің басты кейіпкерлері - ұзақ жылдар бойы кітапхананы тұрақты пайдаланушы, кітапқұмар қауым болды. Оқу орталығының ашылу салтанатында тағы бір қуанышты жаңалық хабарланды.

Елімізде Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы мен Қазақстан Республикасының кітапханашылар Ассоциациясының бастамасымен «Бір ел - бір кітап» жалпыұлттық акциясы басталды. 2007 жылы басталған Акцияның ең бірінші таңдауы Абайдың «Қара сөздеріне», 2008 жылы - М. Әуезовтің «Қилы заманына», биыл М. Жұмабаевтың махаббат лирикасына түскені, көзі ашық оқырманға белгілі.

Қарағанды облыстық Н. В. Гоголь атындағы ғылыми-әмбебап кітапханасы облыстағы кі-

тап қоры бай, жаңа технологиялармен жабдықталған, қоғамдық ұйымдармен тығыз қарым-қатынас орнатқан орта болуымен қатар облыс кітапханаларының әдістемелік орталығы. Сондықтан, «Бір ел - бір кітап» акциясы басталған бетте-ақ іске қызу кіріскен кітапхана қызметкерлері «Бір ел - бір кітап» акциясын жүргізуге арналған ұсыныстар дайындап, облыс аумағындағы кітапханалардың бәріне хабарландырулар таратып, облыс бойынша жүргізілетін іс-шаралар жоспарын жасады.

Тамыз айынан бастап-ақ облыстың барлық кітапханаларында акцияға арналған оқырмандардың шығармашылық жұмыстарының көрме-вернисажы, «Ұлы Абай жайлы сөз» марафоны, «Абайдың поэтикалық және философиялық сөзі» деңгелек үстелдері, «Абай туралы кітаптарды қайта оқысақ» шығармашылық жобаны қорғау, Сәтпаев қаласының көшелерінде тұрғындармен блиц-сұрақ жүргізу т.б. әртүрлі қызықты іс-шаралар өткізілді. Н. В. Гоголь атындағы ОҒӘК-сында «Бір ел - бір кітап» акциясына арналған апталық салтанатты түрде «Балалардан жеткен аманат» әдеби сайысымен ашылды. Сайыстың мақсаты жастардың Ұлыақынның асыл мұрасын тереңдете білуге құштарлығын оятуға, ұлы ойшылдың данышпандық ой-тұжырымдарының, айтып қалдырған тағылымдардың өміршеңдігін көрсетуге, ол көксеген армандардың бүгінгі өмір талғамдарымен астасып жатқандығын, адамгершілікке, адалдыққа, имандылыққа үндей отырып, болашаққа дұрыс жол сілтейтіндігін, ғибраты мол рухани мұрасының тәрбиелік мәнін саралауға негізделді. Үш бөлімнен құралған сайыс ақынның өмір сүрген дәуірі мен ортасына, поэтикалық шығармалары мен «Қарасөздеріне» арналды. Қатысушылар Абайдың қарасөздерінде көтерілген мәселелердің қазіргі кезде де маңызын жоймағанын үй тапсырмасына берілген «Қазіргі заман және «Абайдың қарасөздері» тақырыбында бүгінгі өмірден мысал келтіре отырып түсірген бейнефильм мен эссе - шығармалар арқылы ашып көрсетті.

Қарасөздердің мағынасын сурет арқылы бейнелеу туралы ұсыныс берген оқырмандар тілегі акцияның жүргізілу барысына ерекше леп беріп, облыс бойынша кең өрістеуіне әсер етті. Өйткені, осы бастаманы қолдаған Н. В. Гоголь атындағы кітапхана ұжымы облыс бойынша «Қарасөзді сыршырайда сөйлетсем» атты суреттер байқауы мен «Болмасаң да ұқсап бак» атты қарасөз білгірлерін анықтауға арналған байқау жариялады. Аталмыш тақырыптарда қалалық, аудандық байқаулар өткізілді. Жүзден жүйрік шыққан жеңімпаздар облыс көлемінде сараланып, қорытындысы Қарағанды облыстық мәдениет басқармасының қолдауымен кітапханада ұйымдастырылған «Қарасөзбен халқына жол нұсқаған» Облыстық фестивалінде жарияланды. Фестивальға филолог мамандар, облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың, ұлттық мәдени орталықтардың өкілдері, кітапханашылар мен байқаудың жеңімпаздары қатысты. Филология ғылымдарының кандидаты Е. А. Бекетов атындағы ҚарМУ-нің қазақ әдебиеті кафедрасының ұстаздары С. Б. Жұмағұлов «Абайдың адамгершілік мұрасы» жайында, А. А. Жүнісова «Қарасөздердегі философиялық көзқарас» туралы ой толғаса, аталмыш оқу орнының философия және мәдениеттану кафедрасының аға оқытушысы О. Ж. Темірбеков «Абай дүниетанымындағы адам проблемасына» тоқталды. Танымал әнші, тележурналист Е. Төлеутайұлы ойшылдың ән туралы айтқан ұлағатты сөздерін әсерлі әңгімелеп, домбыраның сүйемелдеуімен орындап берді. Түрлі ұлттық мәдени орталық өкілдері өз тілдерінде Абайдың қарасөздерін, өлеңдерін оқыды. Жас ерекшеліктері мен білім деңгейлері әртүрлі, әртүрлі саланың мамандары мен әртүрлі ұлт өкілдерінің басын қосқан, Абайға табындырып, кітапқұмар қауымның құмарын қара сөзбен қандырған Абайдың «Қара сөздеріне» арналған «Қарасөзбен халқына жол нұсқаған» облыстық Фестивальі - «Бір ел - бір кітап» акциясының алға қойған мақсатының орындалуына жасалған ізгі қадам болды. 2008 жылы жалғасын тапқан акция Қарағанды облысының кітапханаларында «Қарағанды Өуезовты оқиды» деген атаумен өрбіді. Қарағанды облысы бойынша өтетін іс-шаралар бағдарламасы, әдебиеттердің тақырыптық тізімі, әңгіме, әдеби викторина кітапхана сайтына орналастырылып, кітапханаға келген әрбір оқырманға бетбелгілер таратылды. Елімізде акцияның ашылуы ресми түрде 24 қыркүйекке белгіленгенімен біздің облысымыз бұл шараны 18 қыркүйекте бастап кетті. 18 - қыркүйек күні өткен «Қазақстан үш тұғырлы тіл континенті» фестивалі аясында өзге ұлт өкілдері арасында өткізілген сайыста «Қилы заман» повесі үй тапсырмасына беріліп, сайыс барысында туынды бойынша бір-бірлеріне сұрақтар қойылды. Сайыскерлердің

берген жауаптарынан шығарманы түсініп оқығандары байқалып тұрды. 24-қыркүйек - «Бір ел - бір кітап» Республикалық акциясының басталған күні М.Өуезовтің «Қилы заман» шығармасын мәнерлеп оқу сайысы өтті. Келесі күні кітапханада "Ашық есік күні" өтті. «Ашық есік күні» - Қарағанды қаласындағы жоғары, орта оқу орындарының жаңа қабылданған студенттерінің барлығы кітапханаға саяхат жасап, кітапханаға тегін жазылу мүмкіндігіне ие болады. Жыл сайын тұрақты түрде өтіп келе жатқан мерекенің нақ 25 - қыркүйек күніне белгіленуі де тегін емес еді. Бұл күні кітапханаға келушілерді кітапханамен ғана таныстырып қоймай, әр бөлім «Бір ел - бір кітап» акциясы бойынша дайындаған кітап көрмесіне шолу, әңгіме, викторина өткізіп және жалпы акция туралы ақпарат берді. Акцияға арналған іс - шаралар туралы «Қазақстан - Қарағанды», «5 - канал», «АРТ» жергілікті телеарналарында хабарлар берілді.

Биылғы - 2009 жылғы акцияның бұрнағы жылы өткізілген акциялардан айырмашылығы, біріншіден поэзия жанрының таңдалуы болса, екіншіден акцияға дайындық сәуір айынан басталуы еді. «Бір ел - бір кітап» акциясының таңдауы анықталған сәттен бастап Қарағанды облыстық Н. В. Гоголь атындағы ғылыми - әмбебап кітапханасында акцияға арналған шаралар жоспары құрылып, кітапхана сайтына хабарландыру берілді. 23 сәуір күнгі Бүкіләлемдік кітап күні мен авторлық құқықты қорғау күніне арналған мерекелік іс-шараның бастауы да М. Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған «Жан сөзі» - деп аталатын дөңгелек үстелмен басталды. Отырысқа арнайы шақырылған ҚарМУ-нің қазақ әдебиеті кафедрасының оқытушысы, филология ғылымдарының доценті Жұмағұлов С. Б. Мағжанның өмірі мен шығармашылығы туралы ой толғаса, ҚарМУ-нің оқытушысы, филология ғылымдарының доценті Қоянбаева Қ. Қ. Мағжан Жұмабаевтың шығармаларын мектепте оқытудың тәрбиелік мәнінің зор екендігін баса айтты. Қаламыздағы Мағжан атын иемденген №39 мектеп - гимназиясының әдебиет пәнінің ұстазы О. Сұрағанқызы «Мағжантану» курсы бойынша тәжірибелерін ортаға салып, аталмыш мектеп - гимназияда «Мағжан күнін» өткізу дәстүрге айналғанын атап өтті. Мектеп - гимназияда ашылған мұражайда ақынның туындылары мен суреттері, зерттеулер мен құжаттардың көшірмелері қойылғанын, оқушылардың мектептегі сүйікті орындарының бірі екенін айта келіп, «Бір ел - бір кітап» акциясын жан - жақты қолдау мен дамыту жайын ортаға салды. №2 қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытатын дарынды балаларға арналған мектеп - интернатының қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі де акция туралы өз пікірін білдіріп, қазіргі кезде

жастарымыздың өз бетімен кітап оқуының сиреп кеткеніне қынжылыс білдірді. Дөңгелек үстелге шақырылған әскери бөлімшенің жауынгерлері арасында «Мен өлмеймін, менікі де өлмейді» деген сауалнама жүргізілді. Олар да өз кезегінде ақын туралы білетіндерін ортаға салып, ақынның шығармаларын оқыды. Алған әсерлері жайлы бөлісіп, өздерін қызықтырған сұрақтарын қойды. Сол күні «Кітап - рухани сарқылмас қазына» фестивалі аясында кітапханада өткен барлық шараларда «Бір ел - бір кітап» акциясы туралы арнайы хабарландырулар жүргізілді.

Қазақстан халықтарының тілдері күніне арналған «Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!» - атты әдеби - сазды кеш - Қазақ тілінің мәртебесіне арналды. Мерекеді Тіл заңының қабылданғанына 20 жыл толғанын атай отырып, «Бір ел - бір кітап» акциясының шығу тарихы мен М. Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығына туралы әңгімеленді. Поэзия әлемінде айрықша із қалдырған, ақиық ақынның «Қазақ тілі» өлеңі оқылды.

Кітапханада жұмыс істейтін «Қазақша сөйлесейік» клубында өзге ұлт өкілдерінің арасында «Мөлдір сезім, биік парасат» деген атаумен Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерін мәнерлеп оқу сайысы өтті. Акцияны абонемент бөлімі мен «Жыр жауһар» клубының мүшелері бірлесіп өткізген «Қазақ елі, бір ауыз сөзім саған» Мағжантану оқулары қорытындылады. Ашылғанына төрт жыл болған «Жыр жауһар» поэтикалық клубы жыл сайын қыркүйекте қаламыздың жоғары, орта оқу орындарының табалдырығын аттаған тілге шебер, қаламы жүйрік талантты жастарды өз қатарына қабылдайды. Биылғы клубтың мүшелігіне қабылданушылар «Болашақ» университетінің аға оқытушысы Бабашев А. М.-нің М. Жұмабаев туралы дәрісінен соң, Қарағанды Мемлекеттік университетінің студенттерінің ұйымдастыруымен Мағжанның абақтыда отырған кезінен қойылған көріністі тамашалады. Демдерін ішіне алып, жан дүниелері Мағжанның жары Зылиханың зарымен үндескендей тым - тырыс қалған зал қойылым аяқталғанда ду қол шапалақтап жіберді.

Бұдан соң «Бір ел - бір кітап» акциясы аясында Петропавл қаласында өткен «Қазақ елі, бір ауыз сөзім саған» ғылыми-тәжірибелік конференциясының өту барысы жайлы, халқымыздың аяулы ұлы М. Жұмабаевтың есімін мәңгілік есте сақтаудың ізгі қадамдары - Облыс орталығындағы Ақынға арналған ескерткіш, көше, туған ауылында қойылған ескерткіш, мектеп, интернат, мұражай жайлы баян етілді. Ақынның әнге қосып айтылған жұлдызды жырларымен сусындаған конференция қонақтары - Ақын рухының айрықша асқақ екенін, оның шығармаларының ұлтымыздың бойына патриотизм рухын сеуіп, ел жандылыққа тәрбиелейтінін, отаншылдық

қасиеттерді дарытатынына тағы да куә болып, Қызылжар елінен аса зор көтеріңкі көңілмен тарағаны туралы да әңгімеге арқау етілді.

Солтүстік Қазақстан облысында шығарылатын, ақын есімімен аталатын «Мағжан» журналы, акция шеңберінде «Олжас» баспасынан жарық көрген «Сен сұлу - Свет красив» кітабы да таныстырылды. Өз кезектерінде сөз алған жас қаламгерлер М.Жұмабаевқа арнаған өз арнауларын, сондай-ақ ақынның өлеңдерін мәнерлеп жатқа оқыды. Жас дарын, «Жыр жауһар» поэтикалық клубында қаламын ұштаған «Болашақ» университетінің түлегі, бүгінде филолог маман, «Жан-Арым» кітабының авторы Қуаныш Медеубаев жаңа толқын, жас арнаға өз туындыларын оқып берді.

Оқырмандар назарын аударып, көптің көңілінен шыққан мәдени шаралардың бірі - Жезқазған қаласындағы қалалық балалар мен жасөспірімдер кітапханасында өткен «Жалындап өткен жас ғұмыр» атты поэзия кеші болды. Ақынның өрнекті ой, терең пайым - парасатпен өрілген сыршыл да мөлдір поэзиясынан қуат алған жастарды Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен әдеби мұрасымен таныстырып, өмірі мен талант - тағдырын таныту мақсатында «Ұлттық поэзия падишасы» кітап көрмесі ұйымдастырылса, М. Әуезов атындағы қалалық кітапханада «Өлмейтұғын артына сөз қалдырған...» ақын С. Бексейітпен кездесу кеші өткен.

Оқырмандарды ақын өмірінің белестерімен қойылым арқылы таныстырған, үш бөлімнен құралған әдеби - сазды кеш - Саран орталықтандырылған кітапханасында өтті. Бірінші бөлімде, кітапханашының ақын өміріне жасаған шолуы әдеби - сазды көріністі қойылыммен жалғасып Мағжанның «Жер жүзіне нұр беремін, күн берем» - деп әкесімен сырласуын бейнелесе, «Жырыммен жанымды жұбатам, жырыммен жұртымды оятам» деген екінші бөлімінде Мағжан рөлі сомдалып, ақынның жүрек түкпірінен шыққан мұңлы толғанысы мен романтикалық асқақ шумақтары, махаббат туралы өлеңдері оқылды, абақтыдағы кезінен көрініс берілген үшінші бөлім - «Мәңгіліктің бір үзігі» деп аталды. Кеш соңында қатысушылар мен шақырылған қонақтар ақынның өлеңдерін оқыды.

Сонымен қатар, Қарағанды облысының басқа кітапханаларында «М. Жұмабаевтың поэзия әлеміне» тақырыптық шолу, «Мағжан Жұмабаев танымы - қазақ әлемі» ақпараттық-библиографиялық құралы, «М.Жұмабаевтың махаббат жырлары» поэзия сағаттары, «Мағжан өлең шашылды - шашу болып» апталығы, «Мен Мағжанмен мақтанамын», «Мағжан - қазақ поэзиясының падишасы», «Поэзия пірі - Мағжан» әдеби кештері мен т.б. көптеген мәдени іс-шаралар екі тілде өткізілді.

Ал Ж. Бектұров атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының ұйымдастырып, жүр-



гізуімен Мағжан Жұмабаевтың "Жан сөзі" кітабына арналған республикалық "Бір ел - бір кітап" акциясы шеңберінде бейне - ғаламтор - конференциясы өтті. Конференцияға Ы. Алтынсарин атындағы Қостанай облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасы, Х.Есенжанов атындағы Батыс Қазақстан облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасы, Оңтүстік Қазақстан облысынан Қ. Рысқұлбеков атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының оқырмандары қатысты. Басқа қаладағы өз замандастарымен танысып, бір - бірін ықыласпен тындап, М. Жұмабаевтың қай жинағын алсаң да өлеңдерін құмарың қанғанша оқисың жаттап алуға тырысасың, жанымызға жақын, санамызға таныс, барша қазаққа жанашыр екендігі туралы сөз қозғалды. Оқырмандар бейне - интернет - конференцияға бірінші қатысқандарының айта келіп, бұндай шараны жиі өткізсе деген ұсыныс тілектерін айтты. Бұл жастардың бір-бірінен үйреніп, пікір - таластардың негізінде, деңгейлерін салыстыра отырып өсуіне, кітап оқуға ынталарының артуына әсер етер еді деген түйінді сөзбен аяқталды.

Жалпы, бүгінде Қарағанды облысының барлық кітапханаларында «Бір ел - бір кітап» акциясын өткізу қанатын кең жайып, ауқымдала түсуде. Акцияның өткізілу бары-

сында Қарағанды облысының және Қарағанды қаласындағы жоғары, орта оқу орындарының жастары көптеп тартылды. Мұндай кештердің өткізілуі жастардың жан - жақты дамуына, яғни ортада өзін-өзі ұстау мәдениетін, сөз сөйлеу мәдениетін қалыптастырумен қатар, тарихымызды білуге, салт-дәстүрімізді құрметтеуге баули отырып, бойларына ізгілік нұрын дарытып, Отансүйгіштікті, патриотизмді дамытуға ықпал ететіні сөзсіз, өйткені, кітапханада өтетін әрбір кеш қандай да бір шоқтығы биік тұлғаға немесе туындыға байланысты әдеби шығармалардың оқылуымен өтеді. Ал, әдебиет, кітап - ғасырлар бойы адамзат бойындағы адами қасиеттерді қалыптастырып, дамытып келе жатқан рухани қазына екені баршамызға мәлім. Тіпті «кітап оқылмайды» - деген ХХІ ғасырдың өзінде мектеп табалдырығын аттаған әр адамзат баласы көзін ең бірінші компьютермен емес кітаппен ашатыны белгілі. Яғни, жас буын кітаптың құндылығын сезінеді, олардың әдеби шығарманы оқуға деген талпынысын ояту - оқудың маңыздылығын білетін, түсінетін аға буын өкілдерінің, қала берді қоғамның міндеті. Қоғамның дамуына барынша ықпал көрсетіп келе жатқан орта - кітапхана әлемінің «Бір ел - бір кітап» акциясы бастамасын жан - жақты дамыту, қолдау - бүгінгі күннің өзекті мәселесі.